

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі

Хаттама № 2

29.05.2024ж. Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директорының м.а А.Акмуддаев және директор орынбасарлары

Күн тәртібі:

1. Жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастарын колледжде тарту және жалпы орта білім беретін қала мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мәселелері туралы *Жауапты: Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Е.Тәліп*
2. Колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржы мәселесі туралы
Жауапты: білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова
3. Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге арналған WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандарды өткізуге дайындық мәселесі
Жауапты: ДООІЖ орынбасары Е.Е.Абдираимов
4. Әр түрлі мәселелер.

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған ақпараттық технологиялар және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі Е.Д.Тәліпке сөз берді.

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ақпараттық технологиялар және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі Е.Д.Тәліп колледждің жұмыс жоспарына сәйкес, атқарылған жұмыстардың орындалу барысына тоқтала келе, 2023-2024 оқу жылына мектеп бітіруші талапкерлерді және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды колледж қабырғасына тарту мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Жалпы кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс екенін, кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік беретінін, бұған мектеп әкімшілігі тікелей ықпал етіп, тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар, сынып жетекшілерімен қатар ата-аналар да қатысуы керектігін, көптеген ата-аналар өз балаларының болашақ мамандығын таңдауда баласының білімін, қызығушылығын немесе таңдаған мамандығының еңбек нарығындағы сұранысын ескермей бағыт беретінін, сондықтан да мектептің ата-аналармен жұмыс жоспарында кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әр түрлі шаралар орын алуы қажеттігін, ата-аналар жиналыстарында түрлі тренингтер, әлеуметтік сауалнамалар, әңгімелер, ұйымдастыру арқылы ата-аналардың балаларына кәсіби бағыт беру туралы көзқарасына, ұстанымдарына әсер етуге болатынын айта келе, осы бағытта колледжде жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша мәліметтер беріп өтті. Колледжде талапкер тарту, үгіт-насихат жүргізу жұмыстары оқу жылы бойына жоспарланып

жүргізілгенін, караша айының бірінші жұлдызынан бастап колледж оқытушылары мен қызметкерлері үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін Шымкент қаласының және Түркістан облысының мектептеріне жауапты болып бекітіліп, үгіт-насихат жұмыстарының жоспары түзілгенін, бұл жоспар жіті қадағалауға алынып, оқытушылар өздеріне бекітілген міндетті жауапкершілікпен орындағанын, сонымен қатар оқытушылардан бөлек үгіт-насихат жұмыстарына колледждің белсенді оқушылары да тартылып, өздері оқыған мектептерге барып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгенін, 30.04.2024ж. күні №4 педкеңесте қабылдау комиссиясының құрамы талқыланып, іс-жоспары тыңдалып, бекітілгенін, колледжге талапкер тарту және мектеп түлектері арасында үгіт-насихат жұмыстарын жандандыру мақсатында «Ашық есік» жоспары жасалынып, бекітілгенін, биылғы «Ашық есіктің» ерекшелігі бұрынғыдай бір күнге емес, сәуір айының соңғы үш аптасына жоспарланғанын, «Ашық есік» күндері 2022-2023 оқу жылында ұйымдастырылған пәндер үйірмесінің қорытындысы бойынша көрме жасакталып, “Worldskills 2023” өңірлік чемпионатының колледж базасында өту барысымен де сәйкес келгенін, соның нәтижесінде «Ашық есікке» тартылған мектеп түлектерінің саны да жылдағыдан анағұрлым көбірек және сапалы өткізілгенін айтып өтті.

Кәсіби бағдар жұмыстары

№	Колледж атауы	Өткізілген іс шаралар саны		
		Ашық есік күні (саны)	Келген оқушылар саны	Қамтылған мектептер саны
1	Жол-көлік колледжі	15	1897	92

Сонымен қатар Шымкент қаласында орналасқан 89 мектепке оқытушылар бекітілгенін, ТикТок әлеуметтік желісінде колледж аккаунты ашылып, қысқаша видеороликтер жүктеліп, жарнама парақтары жасалынып, талапкерлерге, әлеуметтік желілерде белсенді таратылып жатқанын, әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балаларына колледж базасында көрсетілетін жеңілдіктер туралы да үгіт-насихат барысында айтылып, оқуға түсу кезінде оларға арнайы бөлек квота қарастырылғаны да насихатталып жатқанын айтты.

1.1.Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Абдыхалилова бірінші мәселе, яғни кәсіби бағдар беру мәселесі бойынша берілген мәліметтерінен колледжде атқарылған жұмыстардың өте ауқымды екенін, кәсіби бағдар беру арқылы колледж қабырғасына талапкерлерді тарта отырып, әрі осындай білікті мамандар даярлап жатқан беделді оқу орнын кең көлемде таныстыруға болатынын айтып өтті.

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе - колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржы мәселесі туралы колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Куанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, 2023-2024 оқу жылы бойынша мәліметтермен таныстырып өтті.

Сонымен қатар қамқорлықтағы оқушылардың отбасылық және тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында колледждің педагог-психологімен бірге тұрғылықты мекен-жайларына барып, әлеуметтік жағдайымен танысып қайтқандары жөнінде айтып өтті.

3.Тыңдалды: Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге арналған WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандарды өткізуге дайындық мәселесі туралы колледж директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Е.Е.Абдираимов айтып өтті. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығында: «Біліктілік емтихандары - әрбір біліктілік бойынша практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан нысанында ТЖКБ ұйымының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында

«...жізеді» деп көрсетілгенін, сонымен қатар, "Білімді ұлт" сапалы білім беру" Ұлттық жобасын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысының, 3-бағыты - Техникалық және кәсіптік білімінің, 4-міндеті негізінде колжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету үшін ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізгенін, осыған сәйкес демонстрациялық емтихан тапсырушы топтар үшін емтихан ережесі әзірленгенін айта келе, биылғы оқу жылында жұмысшы біліктілікке ие бітіруші топтарды атап өтті. Сондай-ақ демонстрациялық емтихан нақты қызметтер мен өндірістік процестерді модельдеу жағдайында практикалық дағдыларды, білім мен машықтың деңгейін көрсететінін және тәуелсіз сараптамалық бағалау процедурасын қарастыратынын тоқталып өтті.

Демонстрациялық емтихан WorldSkills талаптары мен стандарттары бойынша орындалатын төрт практикалық модульді атап айтып, демонстрациялық емтихандарын тапсыру кестесімен таныстырып өтті.

- **Модуль 1** - Жеңіл автомобильдің қозғалтқышын жөндеу;
- **Модуль 2** - Жеңіл автомобильдің стартерін жөндеу;
- **Модуль 3** - Жеңіл автомобильдің генераторын жөндеу;
- **Модуль 4** – Автомобильдің электр жабдықтары құрылғыларының диагностикасы.









4.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

Шешім:



1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымы басшысының жасаған баяндамасы ескерілсін.
3. Колледжде кәсіби бағдар беру жұмыстары үздіксіз жалғастырылсын. *Жауапкершілік колледж басшысының м.а А.Ақмұлдаевқа жүктелсін.*
4. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
5. Білім алушылардың практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандардың талапқа сай жүргізілуі қадағалансын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
6. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Байзахова Сабира Мұратқызы 
2. Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы 
3. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы 
4. Баймұратов Мусирали Нуранбаевич 
5. Қалдыбаева Динара Жусуповна 
6. Дабылова Марал Алдабергенқызы 
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна 
8. Аширова Камшат Шекербековна 

Отырыс төрағасы

Хатшы:

Х.Сарсенов

Г.Тажобекова